

№ 254700250000024 ХАТТАМА  
Әкімшілік құқықбұзушылық туралы

21.01.2025 ж. 14:40 сағ.

Маңғыстау облысы, Ақтау к.

Бөлімінің бастығы, Сатыбалды Балуанияз Исенбайұлы, Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 803 бабына сәйкес, осы хаттаманы толтырды:

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БЕЙНЕУ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "БОРАНҚҰЛ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ, БСН: 061240007364, мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі № 90-1943-02-ГУ, 17.01.2021г., заңды мекен-жайы: Бейнеуский район, Мангистауская область, село Боранкул, зона №1, д. 350

Заңды тұлға өкілінің деректері:



Жасалған орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы. Жасалған күні, айы, жылы: 21.01.2025 ж.

Маңғыстау облысының прокуратурасы Бейнеу ауданының прокуратурасының 06.01.2025 жылғы № 2-1103-25-00004 Заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс хатында төмендегідей көрсетілген: Аудан прокуратурасы «Жастар білімді болуға құқылы» жобасы аясында білім беру саласындағы заңдылықтың сақталуына, оның сапасына, сондай-ақ мүдделі органдардың қызметінің тиімділігіне талдау жүргізілген. Талдау кезінде Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Боранқұл жалпы білім беретін мектеп" КММ-да 25 мұғалім біліктілік арттыру курстан өтпегендігі, негізгі орта және жалпы білім беру бойынша педагогтердің сапалық құрамы (педагог-сарапшыларының, педагог-зерттеушілерінің және педагог-шеберлерінің үлесі) 32,9% (болуы керек кемінде 35 құрайтындығы анықталған. Мектеп директоры Б.Табаракова бұл мәселе бойынша өз түсініктемесінде 25 мұғалімнің 16 біліктілік арттыру курсынан мерзімінде өткендігі, 5 педагог декреттік демалыста, 4 педагог 2024 жылы тамыз-қыркүйек айларында бала күтімінен жұмысқа шығып, қазір курс оқып жатқандығын, негізі орта мен жалпы орта білім беру бойынша сапалы мұғалімдердің пайыздық есебі 32,9 % құрайтындығы, оған себеп 1 педагог-зерттеуші зейнетке шығуы, 2 педагог-зерттеуші және 2 педагог-сарапшы басқа қалаға көшіп кетуінен деп көрсетті. (түсініктеме қосымша тіркеледі) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2 бөлім, 9 тармағы және 3 бөлім, 18 тармағының талабы орындалмаған. Бұл, ҚР ӘҚБтК 464-бабы 1 бөлігіне сәйкес заңды тұлға (коммерциалық емес ұйым) Маңғыстау облысы білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Боранқұл жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесін әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде көзделген ст.464 ч.1 әкімшілік құқық бұзушылық жасады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 738 - бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның келісімімен өндіріс тілі анықталған мемлекеттік

Қорғаушының болуы: талап етілмейді



Әкімшілік іс жүргізудің біріңғай тізілімі" АЖ

Құжат дайындалды және қол қойылды: САТ БАЛУАНИЯЗ ИСЕНБАЙУЛЫ, 21.01.2025

Аудармашының болуы: талап етілмейді

Іс қозғалған заңды тұлға өкітінің түсіндірмесі: **Түсініктеме қосымша тіркеледі**

Істі мәні бойынша қарау үшін келу қажет Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 29А ш.а. 43 ғимарат, 3 қабат, 310 кабинет

Заңды тұлғаның өкілі келмеген жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның қатысуынсыз қаралады.

Өзіне қатысты іс қозғалған адам:

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 744-бабында көзделген құқықтар мен міндеттерді түсіндірумен; хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар, оның ішінде істі сотта кешіктірмей қарау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны тез арада заңды күшіне енгізу туралы өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы бойынша, нақты деректерге және мән-жайларға сәйкес келмейтін мәліметтер көрсетілген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау кезінде заңның бұзылуына және іс бойынша қаулыға шағыммен жүгінуге; істегі құжаттардан үзінді көшірме жасауға және олардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне осы Кодексте берілген өзге де процесік құқықтарды пайдалануға құқылы.

Кәмелетке толмаған тұлғаның қорғаушысына немесе заңды өкіліне (егер оған қатысты материал толтырылса) олардың соттылығы бойынша істі мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі сотқа, ал ол болмаған кезде аудандық (қалалық) сотқа беру туралы өтінішхатпен жүгіну құқығы түсіндірілді.

-хаттама мазмұнымен:

танысты

-хаттама көшірмесін:

алды

КОЛЫ:



күні: 21.01.2025

Әкімшілік іс жүргізудің біріңғай тізілімі" АЖ

Құжат дайындалды және қол қойылды: САГІБІБАҚЫЗ БАЙҒАҢИҚЫЗ ИСЕНПАЙІЛІБІ, 21.01.2025

